

«БЕКІТЕМІН»



Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ғылым және
стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

» 10 2023ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰСҚАУЫ
ЖН-СМЖ-026-2023


**АКТИВТЕРДІ, ОРЫНДАРДЫ ЖАЛҒА БЕРУ ЖӘНЕ ТАУАР, ӨНІМ
САТУ СЕКТОРЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҒЫ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Коммерцияландыру және офисімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Коммерцияландыру офисі директоры А.Исаков
3. Келісілді – Қаржы департаментінің бас бухгалтері Қ.Төребай
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының жетекші сарапшысы А.Бакирова
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2023 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2025 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



| | | |
|--|----------------------|---------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 2 – беті |

1. Қолдану саласы

1.1 Осы нұсқаулық, Университетінің құрылымдық бөлімдері мен жеке немесе заңды тұлғалар арасындағы ақылы қызмет көрсету және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәртібін реттейтін құжат болып табылады. Бұл нұсқаулықты қолдану және орындау Университеттің барлық құрылымдық бөлімдері үшін міндетті.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Бұл нұсқаулық Университет Жарғысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2.2 Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;

2.3 Қазақстан Республикасының «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы;

2.4 Қазақстан Республикасының «Патент» Заңы;

2.5 Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;

2.6 Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

2.7 Осы Ережеде анықталмаған мәселелер Университеттің тиісті ішкі ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

3. Атаулар және қысқартулар

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Нұсқаулық - Коммерциялық жобаларды орындау, орындарды жалға беру, қызмет және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы нұсқаулығы;

Комиссия – осы нұсқаулықтағы барлық ақылы қызметке, сатылатын тауарларға, өнімдерге, жерлерді, орындарды жалға беруге арнайы бекітілген комиссия;

Келісім-шарт - Университетке қосымша табыс табу мақсатында ақылы қызметке, тауарларға, өнімдерге, жерлерді, орындарды жалға беруге немесе ғылыми-зерттеу жұмысына, коммерциялық жобаларына жасалынатын келісім-шарт;

Білім алушылар – студенттер, магистранттар, резиденттер, докторанттар, тыңдаушылар;

Қызметкер - университетпен еңбек қатынасында тұрған тұлға;

Құрылымдық бөлімдер – Университеттің ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми-зерттеу орталықтары, факультеттері, департаменттері, орталықтары, ботаникалық бағы;

Тауар – құрылымдық бөлімдер, қызметкерлер, білім алушылар тарапынан жасалған коммерциялық әлеуеті бар тауарлар, брендтелген заттар;

Өнім – Университет қызметкерлері және білім алушылары тарапынан университетке тиесілі аумақта өндірілген, ғылыми, стартап жобалар аясында пайда болған өнім;

Басқа мекеме - университет құрылымдық бөлімдерінің тауарларына, өнімдеріне, жұмысына, қызмет түрлеріне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, орындарын жалға алушы, тапсырыс беруші немесе сатып алушы жеке және заңды тұлға;

ОПҚ – оқытушы – профессорлар құрамы;

СМЖ – сапа менеджментінің жүйесі.

| | | |
|--|----------------------|---------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 3 – беті |

4. Нұсқаулықтың мақсаты мен міндеті

4.1 Университет пен басқа мекемелер арасындағы құқықтық қатынастарды реттеу, университеттің құрылымдық бөлімдерінің басқа мекемелерге тауарларды, өнімдерді сату, университет аумағындағы жер, орындарды жалға беру тәртібін айқындау болып табылады.

4.2 Осы нұсқаулық аясында көрсетілетін қызмет келесі принциптер негізінде жүзеге асырылады:

- заңдылық, адалдық, әділеттілік, жаңашылдық, ашықтық;
- ұсынылатын қызметтердің/тауарлардың жоғары сапасы.
- қойылған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер шешіледі:
- университетке тиесілі жерлерді, орындарды жалға беруді ұйымдастыру;
- тауар/өнімді, брендтелген заттарды сатуды ұйымдастыру;

5. Келісім-шарт жасау кезіндегі қатысушылардың қызметтік міндеттері

5.1. Коммерцияландыру офисінің қызметі:

- жалға берілетін орындардың және жерлердің тізімін жасау;
- жалға берілетін орындарға, жерлерге жарнама беру;
- жалға беру бойынша комиссия шешімімен бағалау парағын әзірлеу;
- жалға алушыларға толық ақпарат беру;
- маркетингтік жұмыстарды дамыту, коммерциялық ұсыныстар дайындау;
- мемлекеттік сатып алу сайтына мониторинг жасау;
- жұмыс графигін жасау;
- келісім-шарт жасау процессін ұйымдастыру және келісім-шартқа отыру.

6. Келісім-шарт жасау кезіндегі қатысушылардың құқықтары

6.1 Университетпен орындаушылар арасындағы табысты бөлу талаптары алдын ала әзірленіп, шығындар сметасымен бекітіледі.

6.2 Университет аумағында жалға берілетін орындар яғни клиника-диагностикалық орталығы, жатақхана орындарынан түскен кіріс-шығыстардың есебін бақылау қызметі бұйрық негізінде бекітіліп, коммерцияландыру офисімен жүзеге асырылады.

7. Университет меншігіндегі жерлерді, орындарды жалға беру процесі

7.1. Университет аумағындағы жерлерді, ғимарттар ішіндегі орындарды жалға берілетін яғни университет тиесілі барлық жылжымайтын мүліктер, жатын және жатақхана орындары, студенттік буфет және асханалар, кино және театр залдары, спорт залдары, спорт алаңдары, кеңсе заттары сатылатын және ксерекөшірме қызметі көрсетілетін нысандар мен басқа да нысандар, ботаникалық бақ аумағындағы жерлердің тізімі, көлемі анықталады;

7.2. Комиссия шешіміне сәйкес, жоғарыда аталған жалға берілетін жерлердің, орындардың нарықтық бағаларына талдау жасалып әр шаршы метріне, аумағына қарай шекті бағалар анықтамасы әзірленіп, бекітіледі;

7.3. Барлық жалға берілетін жерлер, орындар туралы ақпарат университеттің ресми сайты, әлеуметтік желілері, коммерциялық сайты арқылы хабарландыру ретінде беріледі;

| | | |
|--|----------------------|---------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 4 – беті |

7.4. Хабарландыру нәтижесінде жалға алушылардан коммерциялық ұсыныстар қабылданады, комиссия мүшелерінің шешімімен келісім-шарт негізінде осы нұсқаулықтың А-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады;

7.5. Жалға алушыға қойылатын барлық талаптар және міндеттемелер университетпен жалға алушы арасында жасалынған келісім-шартта көрсетіледі.

8. Тауар, өнім сату жұмыстарын ұйымдастыру процесі

8.1. Нұсқаулықтың 6 тарауында көрсетілген, университет қызметкерлері, білім алушылары тарапынан университетке тиесілі аумақта өндірілген, ғылыми, стартап жобалар аясында пайда болған тауар, өнімдердің және Университеттің брендтелген тауарларының түрлері, тізімі анықталады;

8.2. Сатылымға шығарылатын барлық тауар, өнімдердің өзіндік құны анықталады, бастапқы кезеңде университеттің брендтелген тауарларын сату үшін, оларды дайындауға университет тарапынан қаржы бөлінуі қарастырылу мүмкін, брендтелген тауарлардың көлемі, саны, бюджеті комиссия құрамына ұсынылып, бекітіледі;

8.3. Өнімдерге, тауарларға толық техникалық сипаттама беріледі және бағалар анықтамасы әзірленіп бекітіледі;

8.4. Қажет болған жағдайда тауарларға, өнімдерге тауар белгісі, оның ішінде азық-түлік өнімдеріне сертификат, рұқсат қағазы алынады;

8.5. Тапсырыс берушілерге, сатып алушыларға тауарлар, өнімдер, туралы толық ақпарат беріледі;

8.6. Тауар өнімдерді сату жұмыстарын ұйымдастыру (өзіндік құнын анықтау, келісім-шарт жасау) коммерцияландыру офисі және тауарларды, өнімдерді өндіретін, шығаратын, қызметкерлер немесе білім алушылармен, құрылымдық бөлімдермен бірлесе отырып жүзеге асырылады;

8.7. Университет аумағында шығарылатын тауар, өнімдерге тапсырыс қабылдау, хабарландыру беру, сату жұмыстары арнайы коммерциялық сайт арқылы жүзеге асырылады;

8.8. Келісім-шарт жасаудан алдын барлық сатылымға шығарылатын тауарлардың, өнімдердің өзіндік құны есептелінеді және комиссияның шешімімен университеттің үлесі, пайдасы қосылады.

8.9. Тауар, өнім сату келісім-шарт негізінде осы нұсқаулықтың В-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Келісім-шарт жасау түрлері және табысты бөлу тәртібі

- келісім-шарт 1-қосымшаға сәйкес әзірленеді;

- жерлерді, орындарды жалға беруге, брендтелген тауар, бұйымдарға жасалған келісім-шарт бойынша университет есебінен кететін шығындарды алып тастағаннан кейінгі 100% үлесін алады және ол кірістер/шығыстар есебінде көрсетіледі;

- университет өз үлесін, түскен таза табысын коммерциялық табыстар қорына жібереді және оны университеттің дамуына, қызметкерлермен, білім алушыларды қолдауға бағытталған іс-шараларға жұмсайды. Барлық қызметкерлерді, білім алушыларды қолдау шаралары, сыйақы мөлшерлері ректор және ректор өкілінің шешімімен анықталады.

| | | |
|---|---------------|--------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | ЖН-СМЖ-026-2023 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 5 – беті |

10. ЖАУАПКЕРШІЛІК

10.1 Осы нұсқаулық талаптарының енгізілуіне Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен университеттің барлық құрылымдық бөлімдері айналысады.

10.2 Осы нұсқаулық талаптарын орындамаған немесе сол талаптардың орындалуын қамтамасыз етпеген жағдайда құрылымдық бөлімдердің бірінші басшылары әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Қаржы департаментінің бас бухгалтері

Заң бөлімінің басшысы

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының жетекші сарапшысы

Қ.Төребай

Г. Мусаханов

А.Бакирова

| | | |
|--|----------------------|---------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 6 – беті |

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің активтерді, орындарды
жалға беру және тауар, өнім сату
секторы бойынша жұмыс нұсқаулығының
А қосымшасы

Жалға беру туралы КЕЛІСІМ ШАРТ

Түркістан қаласы № «___» _____ 202__ ж.

«Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі атынан _____ негізінде әрекет ететін, университеттің _____, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, және _____ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, Тараптар арасында төмендегі келісім шарт жасалды:

1. КЕЛІСІМ-ШАРТ МӘНІ

1.1. Жалға беруші Жалға алушыға жалға алынған нысанды ақылы түрде уақытша иелену мен пайдалануға беруге, ал жалға алушы жалға алынған нысанды қабылдауға және келісім-шарт талаптарына сәйкес жалдау ақысын төлеуге міндеттенеді.

1.2. Жалға берушіге тиесілі (жеке меншік, жалдау, сенімді басқару, қажеттісін жазу) құқығындағы жалға алу нысаны: (атауы, ғимарат бөлігі, ғимарат, құрылыс және т.б. қажеттісін жазу).

1.3. Жалға алу нысандарының мекен-жайы:

1.4. Жалға алу нысанының ауданы: шаршы метр (ауданның көлемін көрсету).

1.5. Жалға алу нысанының мақсатты тағайындамасы: (тағайындамасын көрсету).

1.6. Жалға алынған нысан мақсатты тағайындамаға сәйкес қызметті ұйымдастыру мен жүргізу үшін беріледі. Жалға алушының барлық жалдау мерзімі ішінде мақсатты тағайындаманы өзгертуге құқығы жоқ.

2. ЖАЛҒА БЕРУ ТӘРТІБІ

2.1. Жалға беруші осы келісім шартқа қол қойылғаннан кейін жалға алу нысанын екі жақ өкілдерінің қатысуымен қабылдау-өткізу актісін рәсімдей отырып, Жалға алушының пайдалануына береді. Өз кезегінде, Жалға алушы өз қызметін сапалы әрі арзандатылған түрде көрсетуге міндеттенеді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1 . Жалға беруші міндетті:

3.1.1. Жалға беру нысанын Жалға алушының пайдалануына осы келісім шарттың 2.1 тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес уақытша беруге;

3.2. Жалға алушы міндетті:

| | | |
|--|----------------------|---------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 7 – беті |

3.2.1. Жалға алу нысанын тек келісім шартта көрсетілген мақсаттарға сай пайдалануға;

3.2.2. Жалға алу нысанын қалыпты жағдайда ұстауға, ондағы Университетке тиесілі осы Келісім шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшасындағы тізбеде көрсетілген құрал-жабдықтар мен мүліктерді және инженерлік-коммуналдық жүйелерді ұқыпты ұстап, олардың бүлінбеуін қамтамасыз етуге;

3.2.3. Жалға берушінің рұқсатынсыз жалға беру нысанының ішінде ағымдағы жөндеу жұмыстары мен күрделі өзгерістер жүргізбеуге;

3.2.4. Жалға алған нысанның қызметін жүргізуге жұмсалған коммуналдық қызметтердің, оның ішінде электр қуаты шығынын ай сайын төлеп тұруға;

3.2.5. Жалға алған нысанды және онда көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларда көрсетілген санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға сәйкес ұстауға (бұл орайда Жалға алушы тиісті мемлекеттік тексеруші қызметтердің алдында жалға алған объект бойынша өз алдына дербес жауапты болады);

3.2.6. Жалға алушы өзінің және өзіне бағынышты қызметшілерінің осы келісім шартта аталған қызметін көрсету барысында еңбек қауіпсіздігі талаптарын үнемі және қатаң сақтап отыруға; Нысан қызметкерлері тұрақты болуы тиіс. Қызметкерлер тізімі айқындалып, бекітіліп, ғимарат меңгерушісіне өткізілуі тиіс. Қызметкерлердің санитарлық кітапшалары мен COVID-19 індетіне қарсы вакцина алғандығы туралы паспорттарын ұсынылуы керек.

3.2.7. Жалға алған мерзім ішінде жалға алынған нысанға, ондағы құнды заттарға қандай да бір зақым келтірген жағдайда, келтірген шығынның есесін Жалға берушіге 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өтеуге;

3.2.8. Келісім шарт мерзімі аяқталған (мерзімнен бұрын аяқталған) кезде жалға алу нысанын қабылдау-өткізу актісі негізінде Жалға берушіге қайта және толық көлемде өткізуге;

3.2.9. Жалға алушы кез келген уақытта сапа, баға және санитарлық тазалықты тексеру мақсатында келген Университет өкілдерінің жұмыстарына кедергі жасамауға;

3.2.10. Жалға алушы Университеттің арнайы құрылған комиссияның анықтаған кемшіліктерін дереу орындап, қалпына келтіруге;

3.2.11. Жалға алушы өз қызметін жүзеге асыру барысына қажетті адамдарды ақылы жұмыспен қамтамасыз етуге;

3.2.12. Осы шартта көрсетілген шаралар бұзылған жағдайда жалға беруші бір ай бұрын ескертпе жіберіп шартты бір жақты бұзуға құқылы.

3.2.13. Сатылымдағы тауарлар мен ұсынылатын қызметтер нарықтық құнынан 10 пайыздан аспайтын бағада, бұл ретте тауарлар мен ұсынылатын қызметтердің нарықтық құны Жалға алушының тиісті тауарларының мамандандырылған дүкендердегі (компаниялар) құнымен анықталады.

3.2.14. Жалға алған нысанды ақтап және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге, терезелерге жалюзи қоюға, ғимарат ішіне салқындатқыш қоюға міндетті.

3.2.15. Рамазан айында және демалыс айларында жалға беру ақысы алынбайды.

4. Жақтардың жауапкершілігі және шартты бұзу тәртібі

4.1. Жалға алушы жалға алған нысанды ұқыпсыз пайдалану салдарынан Жалға берушіге материалдық залал келтірсе, онда келтірілген шығын құны 10 (он) күнтізбелік күн ішінде толық өтеп беруге немесе қайта қалпына келтіруге міндетті.

4.2. Егер, Жалға алушы осы келісім шарттың талаптарын Жалға берушінің ескертулеріне қарамастан бірнеше рет бұзған жағдайда немесе Жалға алушы жалға алған

| | | |
|--|----------------------|---------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 8 – беті |

нысанды осы келісім шартта көрсетілмеген мақсаттарда пайдаланған жағдайда, Жалға беруші осы келісім шартты біржақтама мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

5. Келісім шарт мерзімі

5.1. Келісім шарт мерзімі: _____ аяқталады.

5.2. Тараптардың өзара келісімімен, егер Жалға алушының жұмыстарына қарсылық болмаған жағдайларда, тараптар келісім шарттың мерзімін _____ ж.ж. оқу жылының соңына дейін ұзартуға құқылы. Бұл ретте, жазбаша түрде осы келісім шартқа қосымша келісім ретінде жасалып, оған қол қоюға өкілеттігі бар тұлғалар қол қойған кезде ғана жарамды болып табылады.

6. Дауларды шешу

6.1. Осы келісім шарттан туындайтын барлық даулар мен түсініспеушіліктер мүмкіндігінше тараптардың өзара келісімімен шешіледі.

6.2. Жақтар өзара келісімге келе алмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында көзделген тәртіп бойынша шешіледі.

7. Қорытынды

7.1. Осы келісім шартқа енгізілген кез-келген өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде осы келісім шартқа қосымша ретінде жасалып, оған қол қоюға өкілеттігі бар тұлғалар қол қойған кезде ғана жарамды болып табылады.

7.2. Осы келісім шарт мәтіні бірдей құқықтық күшке ие 2 данада, қазақ тілінде жасалды, әрбір жақта осы келісім шарттың бір данасы болады.

8. Тараптардың реквизиттері мен заңды мекен-жайлары

Жалға беруші

Жалға алушы

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті, Түркістан
облысы, Түркістан қ., Б.Саттарханов
даңғылы № 29В.

КБЕ 16, БСН 990440008043

ЖСК: KZ436010291000010707

БСК : HSBKKZKX

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Вице-ректор

Директор

| | | |
|--|----------------------|---------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 9 – беті |

ҚОСЫМША 1

| № | Атауы | Мекен-жайы | Ауданы (шаршы метр) | Мақсатты тағайындамасы | Мерзімі |
|----------|--------------|-------------------|--------------------------------|-----------------------------------|----------------|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Жалға беруші

Жалға алушы

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті, Түркістан
облысы, Түркістан қ., Б.Саттарханов
даңғылы № 29В.

КБЕ 16, БСН 990440008043

ЖСК: KZ436010291000010707

БСК : HSBKKZKX

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Вице-ректор

Директор

| | | |
|--|----------------------|----------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 10 – беті |

В-қосымша

КЕЛІСІМ-ШАРТ №

Түркістан қаласы
ж.

«__» _____ 202__

Бұл келісім шарт бір жағынан «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі атынан _____ негізінде әрекет ететін, университеттің _____, бұдан әрі «Орындаушы/сатушы» деп аталатын, және екінші жағынан _____ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Тапсырыс беруші/сатып алушы» деп аталатын, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, Тараптар арасында төмендегі келісім шарт жасалды:

1. КЕЛІСІМ-ШАРТ МӘНІ

1.1. Орындаушы/сатушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1 қосымшаға сәйкес, _____ орындауға міндеттеледі.

1.2. _____ меншік құқығы, сондай-ақ оның кездейсоқ жоғалу немесе бүліну қаупі _____ қабылдап алу-жіберу актісіне қол қойылған сәттен бастап Орындаушы/сатушыдан Тапсырыс беруші/сатып алушыға өтеді.

2. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТАЛАПТАРЫ

2.1. Келісім-шарт бағасы _____ теңгені құрайды.

2.2. Келісім-шарттың валютасы – Қазақстан Республикасының теңгесі.

2.3 Келісім-шарттың сомасы теңгемен (ҚҚС-сыз) анықталады және оны Тапсырыс беруші келесідей тәртіппен төлейді:

2.3.1. Төлем мөлшері _____ теңге. _____

Орындаушы/сатушының қоймасында болғандықтан, Тапсырыс беруші/сатып алушы келісім-шартқа қол қойылған сәттен бастап _____ жұмыс күні ішінде төлейді.

3. _____ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ

3.1. Орындаушы/сатушы Тапсырыс беруші/сатып алушыдан есеп айырысу шотына төлем түскеннен кейін күнтізбелік _____ күн ішінде тауарды толық жиынтықта жеткізуді жүргізуге міндеттеледі.

4. ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

4.1. _____ қабылдау осы Шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. _____ қабылдап алу және жіберу актісіне Тараптар қол қояды.

4.3. Қабылдау кезінде сапасыз, жиынтықталмаған тауар/қызмет анықталған жағдайда Орындаушы/сатушының өкілін қабылдауға қатысу үшін шақыру міндетті. Бұл ретте Орындаушы/сатушы _____ қысқа мерзімде сапалы _____ ауыстыруға және/немесе Тапсырыс беруші/сатып алушы тарапынан қандай да бір қосымша төлемсіз оны толық жиынтықтауға дейін жеткізуге міндеттеледі.

| | | |
|--|----------------------|----------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 11 – беті |

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Орындаушы/сатушы міндетті:

5.1.1. _____ тиісті сапа мен мөлшерде жеткізуге;

5.1.2. Жеткізілетін _____ кепілдік беруге;

5.1.3. Тапсырыс беруші/сатып алушының талаптарына сәйкес _____ толық жиынтығын жасауға;

5.1.4. Қызметтерді белгіленген мерзімде және сапалы орындауға.

5.2. Тапсырыс беруші/сатып алушы міндетті:

5.2.1. Тапсырыс беруші/сатып алушы көрсетілген _____ осы Шарттың талаптары бойынша қабылдауға және төлем жасауға міндетті.

6. ФОРС-МАЖОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

6.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер орындамау шарт жасалғаннан кейін тарап болжай да, ақылға қонымды шаралармен алдын ала да алмайтын төтенше сипаттағы оқиғалардың нәтижесінде туындаған форс-мажорлық жағдайлардың салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

Форс-мажорлық мән-жайларға тарап әсер ете алмайтын және оның орын алуына жауапты емес оқиғалар: жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, ереуіл, қарулы қақтығыстар, жүктерді тасымалдауға теміржолда тыйым салу, үкіметтің нормативтік актілері немесе мемлекеттік органдардың бұйрықтары және т.б жатады.

6.2. Осындай мән-жайларға сілтеме жасайтын Тарап осындай мән-жайлардың басталғаны туралы екінші Тарапқа 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Сонымен қатар, екінші Тараптың талабы бойынша осындай жағдайлар туындаған кезде сауда палатасы берген куәландырушы құжат ұсынылуы керек.

7. ДАУДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

7.1. Осы Шарттан туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешілетін болады.

7.2. Осы Шарт бойынша Тараптар арасындағы барлық реттелмеген даулар Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен қаралады.

8. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ШАРТТАР

8.1. № 1 қосымша осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

8.2. Наразылықтар (Экономикалық даулар, сапасы, саны, шартты өзгерту немесе бұзу туралы, не шартты жарамсыз деп тану туралы және т.б.) ұйым басшысы қол қойған жазбаша нысанда (мәлімделген талаптарды растайтын түпнұсқа құжаттармен бірге) тапсырыс хатпен немесе қолхатпен қолма-қол жіберілуге тиіс.

8.3. Осы Шарт жасалғаннан кейін Тараптар арасында бұрын болған барлық хат алмасулар мен келіссөздер күшін жояды.

8.4. Осы Шарт бойынша телефакс арқылы жіберілген кез келген хат-хабарлардың заңды күші болады.

8.5. Осы Шартты орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

| | | |
|--|----------------------|----------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 12 – беті |

9. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

9.1. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойылған сәттен бастап және осы Шарт бойынша Тараптардың барлық міндеттемелерін орындау аяқталғанға дейін.

9.2. Осы Шарттың жасалу және ресімделу сәті оған қол қойылған күн болып табылады.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ

| | |
|---|---|
| <p>Орындаушы/сатушы: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан облысы, Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғылы № 29В. КБЕ 16, БСН 990440008043 ЖСК: KZ436010291000010707 БСК : HSBKKZKX «Қазақстан Халық Банкі» АҚ</p> <p>Вице-ректор _____</p> | <p>Тапсырыс беруші/сатып алушы:</p> <p>_____</p> |
|---|---|

| | | |
|--|----------------------|----------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 13 – беті |

ҚОСЫМША 1

| № | Атаулар | Өлшем бірлігі | Саны | Бағасы | Жалпы бағасы |
|----------|----------------|----------------------|-------------|---------------|---------------------|
| | | | | | |
| | | | | | |

| | |
|--|---|
| <p>Орындаушы/сатушы: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан облысы, Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғылы № 29В. КБЕ 16, БСН 990440008043 ЖСК: KZ436010291000010707 БСК : HSBKKZKX «Қазақстан Халық Банкі» АҚ</p> <p>Вице-ректор _____</p> | <p>Тапсырыс беруші/сатып алушы:</p> <p>_____</p> |
|--|---|

| | | |
|--|----------------------|----------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | <i>ЖН-СМЖ-026-2023</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Жұмыс нұсқауы | |
| Активтерді, орындарды жалға беру және тауар, өнім сату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы | | 10 беттің 14 – беті |

ҚОСЫМША 2

Техникалық сипаттамасы

| Атаулар | Атқарылатын қызмет/Тауар/өнім/жалға берілетін жер туралы ақпарат | Күтілетін нәтиже/Сапа |
|---------|--|-----------------------|
| | | |

| | |
|---|---|
| <p>Орындаушы/сатушы: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан облысы, Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғылы № 29В. КБЕ 16, БСН 990440008043 ЖСК: KZ436010291000010707 БСК : HSBKKZKX «Қазақстан Халық Банкі» АҚ</p> <p>Вице-ректор_____</p> | <p>Тапсырыс беруші/сатып алушы:</p> <p>_____</p> |
|---|---|